

№7 Хромтау мектеп-гимназиясы (жанындағы мектеп-интернатымен) КММ

Педагогикалық кеңес отырысының ХАТТАМА №3

Өткізілу күні: 12 қаңтар 2022 ж
Уақыты: 10:00

Қатысушылар – мектеп ұжымы

Кеңес төрағасы: Культаева Э.К.
Хатшы: Хамит Д.

Күн тәртібінде:

1. « 1-2 тоқсан жарты жылдық білім сапасының көрсеткіштері». Оқу ісінің орынбасары: Абдуллина А.Б.
2. Тарих,құқық негіздері пәндерінің оқытылу жағдайы. Оқу ісінің орынбасары: Абдуллина А.Б.
3. « Педагог қызметкерлердің аттестаттаудан өтудің ережелеріне енген өзгерістерімен таныстыру» Ғылыми – әдістемелік орынбасары: Алмаханова Л.Т.
4. «Жасөспірімдер арасындағы зорлық – зомбылықтың алдын – алу, түнгі мезгілде жүрмеуі туралы хабарлама» Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Дүйсембай А.Қ.
5. Үйірме,секциялардың өтілуін бақылау. Дүйсембай А.Қ. Махамбетов Қ.И.
6. « Интернат қызметінің ұйымдастырылуы, тәрбиеленушілердің білім алуы мен қауіпсіздігі» Интернат меңгерушісі: Хамит Д.А.
7. « Аудандық пәндік олимпиадаға қатысымды пысықтау» Дарынды балалармен жұмыс жөніндегі орынбасары: Махамбетов Қ.И.

Тыңдалды:

1 – мәселе бойынша. Директордың оқу – ісі жөніндегі орынбасары: Абдуллина А.Б.
« 2021-2022 оқу жылының ІІ - тоқсанның білім сапасының мониторингісі». 2021-2022 оқу жылының ІІ- тоқсан бойынша білім сапасының сараптамасы. ІІ- тоқсан қорытындысы бойынша 2021-2022 оқу жылы барлығы ІІ - тоқсан басында оқушы саны 1-11 кл 461/232, келген оқушы саны 20, кеткен оқушы саны 9, ІІ- тоқсан аяғындағы оқушы саны 492/243.

Оқу озаты – 2-11 класта -96/62 , 2-4 кл 55/32, 5-9 кл аралығында -33/23, 10-11 кл аралығында – 8/8.

Оқу екпіндісі - 2-11 класта -146/85 , 2-4 кл 33/23, 5-9 кл аралығында -88/56, 10-11 кл аралығында – 13/137

Озат – 92/59 %, екпінділер -141/84%.

Барлығы – 492/243 озаттар мен екпінділер саны, **білім сапасы -56%/56%.**

2а-66%/66%, 2ә-52%/59% +7, 2б-82%/75% -7, 3а-58%/58%, 3ә- 67%/62% -5, 3б -46%/42%-4, 4а – 61%/63% +2, 4ә – 61%/65% +4, 5а – 50%/48% -2, 5ә- 63%/58% - 5, 6а- 58%/60% +2, 6ә- 50%/50%, 7а – 60%/62% +2, 7ә – 40%-38% - 2, 8а- 50%/54% +4, 8ә – 23%/43% + 20, 9а – 63%-60% -3, 9ә – 56%/50% - 6, 10 – 54%/52% - 2, 11- 64%/64%.

БІР ПӘНЕН «3» КЕ, «4»КЕ ШЫҚҚАНДАР: Жұмабек Нұртас – ағылшын, Үйтолы Дарига – физика, Қауыпбай Адина – география, Сағын Ерасыл – ағылшын.

2 – мәселе бойынша. Директордың оқу – ісі жөніндегі орынбасары: Абдуллина А.Б. 7-11 кластардағы тарих, құқық негіздері пәндерінің жүйелі берілу жағдайы .

2021-2022 оқу жылында 10-11 сыныпта «Қазақстан тарихы» оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу жоспары бойынша оқу процесі «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013ж 3 сәуірдегі №115 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы» ҚР БҒМ 2019ж 7 наурыздағы №105 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламаларымен жүзеге асырылады. » ҚР БҒМ 2020жылғы 27 қарашадағы №496 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы Үлгілік оқу жоспарлары бойынша оқу бағдарламасы қолданылады.

"Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы"(бұдан әрі -МЖМБС) ҚР БҒМ (бұдан әрі ҚР БҒМ) 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулармен 2020 жылғы 28 тамыздағы №372 бұйрық)

Үлгілік оқу жоспарлары Қазақстан Республикасы білім және ғылым 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген (2021 жылғы 25 наурыздағы №125 бұйрықпен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен) 2018 жылғы 4 қыркүйектегі №441 бұйрығына сәйкес бекітілген.

Төмендетілген оқу жүктемесі үлгілік жоспарлары бойынша әзірленген үлгілік оқу бағдарламалары Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 27 қарашадағы №496 бұйрығымен бекітілген.

Тарихи сана – тарихты білу, тарихи тәжірибе мен оның сабақтарын ұғынып түсіну, әлеуметтік болжау, өз іс-әрекеті үшін тарихи жауапкершілікті түсіну. Оқу-тәрбие процесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын тарихи білім тұлғаның, азамат пен патриоттың қалыптасуына көмектеседі.

Биржанов Рустам Айтуганович– жоғары білімді, педагог-зерттеуші маман.5-7 кл сабақ жүргізеді.

Өзекті мәселесі:«Жаңа технология элементтерін пайдалану арқылы білім сапасын көтеру ».

Жетесов Нуртай Алмасұлы – жоғары білімді, педагог-зерттеуші маман.8-11кл сабақ жүргізеді.

Өзекті мәселесі: « Тарих сабағында білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын арттыра отырып білім сапасын көтеру ».

Каналина Жазира Алгелдіқызы – жоғары білімді, педагог-модератор маман 9 – 11 кл сабақ жүргізеді.

Өзекті мәселесі: «Жоғары сынып оқушыларының құқық пәніне қызығушылығын дамыту,Зандарды толық меңгертіп,еркін сөйлеуге,өз ойын ашық айтуға баулу.»

Мұғалімдердің күнтізбелік жоспары бағдарламаға сәйкес құрылған, бекітілген. Сабақ жоспары мен журнал тақырыптары сәйкес. Бағалау нормасы сақталған. Сабақ барысында оқушылармен жеке жұмыстар жүргізу арқылы оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытуда . Бақылау жұмыстары уақытылы, алынып, журналға түсірілген.

Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының орындалуын анықтау кластардағы оқушылардың тарих,география пәндерінің оқытылу жағдайын, ҚР « Білім туралы » Заңы мен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығымен бекітілген жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының орындалуын анықтауда .

3 – мәселе бойынша. Ғылыми – әдістемелік орынбасары: Алмаханова Л.Т. « Педагог қызметкерлердің аттестаттаудан өтудің ережелеріне енген өзгерістермен таныстыру» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы № 561 бұйрығымен балабақшаларда, мектептерде, колледждерде және басқа да ұйымдарда жұмыс істейтін педагог қызметкерлерді аттестаттау қағидалары мен шарттарына өзгерістер енгізілді.

Аттестаттау мынадай кезеңдерді қамтиды:

- 1) біліктілік тестілеуі;
- 2) эссе;
- 3) біліктілік бағалауы;
- 4) қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау.

2 - параграф. Эссе жазу тәртібі.

54. Тестілеу аяқталған соң педагог эссе жазады. Берілетін уақыт -30 минут. Қолданылатын сөз саны – 250-300 сөз. Жыл сайын эссе тақырыбын білім беру саласындағы уәкілетті орган анықтайды. Жазылған эссе педагогтердің жеке кабинетінде ngt.testcenter.kz сілтемесі бойынша көрсетіледі.

55. Жазылған эссе педагогтің жеке кабинетіне жолданады.

3 - параграф. Біліктілікті бағалаудың өткізу тәртібі.

56. Педагогтерді біліктілік бағалауды білім беру ұйымдары жүргізеді және құжаттардың осы Қағидаларға 7- қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында белгіленген құжаттар тізбесіне сәйкестігін қарауды қамтиды.

57. Қажетті құжаттар болмаған жағдайда педагог жетіспейтін құжаттарды 3 жұмыс күні ішінде әкеледі.

№514 бұйрығына сәйкес педагогтің кәсіби конкурстардағы немесе олимпиадалардағы жетістіктері бағаланады.

Педагог – модератор- 54 балл

Педагог- сарапшы- 64 балл

Педагог- зерттеуші- 74 балл

Педагог шебер- 84 балл

Орта білім беру ұйымдарының педагогтері үшін

Санат	Блок	Пәндер бойынша балл	Біліктілік тестінен өту үшін (%)	Біліктілік тестінен өту үшін (%)
Педагог-модератор	Оқу пәнінің мазмұны	70	60%	42
	Педагогика, оқыту әдістемесі	30	40%	12
Педагог-сарапшы	Оқу пәнінің мазмұны	70	70%	49
	Педагогика, оқыту әдістемесі	30	50%	15
Педагог-зерттеуші	Оқу пәнінің мазмұны	70	80%	56
	Педагогика, оқыту әдістемесі	30	60%	18
Педагог шебер	Оқу пәнінің мазмұны	70	90%	63
	Педагогика, оқыту әдістемесі	30	70%	21

Жоғары санатты- 2/4%

I санатты - 1/2%

II санатты -

Шебер – 1/2%

Зерттеуші – 6/11%

Сарапшы – 10/19%

Модератор – 19/31%

Санаты жоқ – 15/28%

2021-2022 оқу жылының 2 – тоқсанында мұғалім саны -54 Сапа: 72% - 37%

4 – мәселе бойынша Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Дүйсембай А.Қ. «Жасөспірімдер арасындағы зорлық – зомбылықтың алдын- алу, түнгі мезгілде жүрмеуі туралы хабарлама» Жасөспірімдер арасындағы зорлық-зомбылықтың алдын-алу, түнгі мезгілде жүрмеуі туралы хабарлама

10 қараша күні мектептің әлеуметтік желісінде ТЕРРОРИСТ ҚАЛАЙ ПАЙДА БОЛАДЫ?, ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІ-РАДИКАЛИЗМНІҢ БАСТЫ ОШАҒЫ , ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ ЖҰМЫСТЫ АКТЫҢ ӘСЕРІНЕН ҚАЛАЙ САҚТАУҒА БОЛАДЫ, МАМАН РАДИКАЛДЫҚ КЕЗЕГІНДЕГІ ҚАБЫЛДАУ ӘДІСТЕРІ ТУРАЛЫ ӘҢГІМЕЛЕДІ, Заңнан тыс сенім, Сенім таңдау еркіндегі әркім үшін болуы керек, 2021 жылдың 15.11.-19.11 күндері аралығында жүргізілген мектепшілік «Бала құқығы» апталығы аясында өткізілген «Тәуелсіз елдің ұрпағы» атты 9-11 сынып аралығында ұйымдастырылған эссе, сурет, мәнерлеп оқу, сайыстары ұйымдастырылды. Сонымен қатар «Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ!» атты бірыңғай мектепшілік тәрбие сағаттары мен қатар футбол үйірмесінің жетекшісі Бозғұлан Нұртілектің ұйымдастыруымен №6ХТ жолдастық кездесі ұйымдастырды. Балалық шақты бірге қорғайық! атты оқушылардың жетістігі туралы челленджи ұйымдастырылды. «Құқық сабақтары – өмір сабақтары» тақырыбында 9-11 сынып оқушылары арасында құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында мектеп инспекторымен кездесі өткізілді. «Құқығым бар» тақырыбында 9-10 сынып оқушылары арасында құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында дөңгелек үстел өткізілді.

30 қараша күні «Спорт-есірткіге қарсы» атты облыстық волейбол сайысына жарыс ұйымдастырылды.

25 қараша – Халықаралық әйелдерге зорлық-зомбылыққа қарсы күн, аясында және «Зорлық зомбылықсыз 16 күн» республикалық акциясына сәйкес ӨЗЗҚ инспекторы полиция капитаны Инкар Кемерова және Аудан әкімі жанындағы әйелдер істері, отбасылық-демографиялық комиссия хатшысы, бас маман Жеңісгүл Бошжановамен кездесу өткізілді.

Кездесу мақсаты зорлық-зомбылық деректерінің алдын алу болып табылады. Кездесу барысында мамандар тарапынан оқушыларға түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, пікір алмасты. Кездесі соңында оқушыларға ақпараттық жаднамалар таратылды.

21 желтоқсан күні мектепшілік 8-11 сынып оқушыларымен кездесу ұйымдастырылды.

5 - ші мәселе бойынша: Р.А.Биржанов-«Тарих құпияларына жол» туған жерінің тарихи тұлғаларының ,тарихи мәдениеті ескерткіштерінің құндылығын қастерлеу мақсатында.мұражайларға саяхат жасалды.А.Б.Абдуллина – «Жас математик» математикалық білімге қызығушылығын арттыру мақсатында,өз бетімен жұмыс жасауға,математикалық ойлау,тапқырлық,білімдарлық,өмірмен байланыс қабелеттеріне дамыту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Қ.И.Маханбетов – «Экология» «Кіші Отанына» деген сүйіспеншілік сезімін арттыру,өзінің туған өлкесі тарихына деген мақтаныштүйсігін

көтеру мақсатында жұмыстана келіп, мамандық таңдауға баулу. Г.Н. Жақуда - «Өлкетану» Г.М. Бағланбаева – «Жас физик» физиканың қажеттілігін, маңыздылығын ұғындыру. Табиғат құбылыстарын зерттеп-оқып үйренуде, оқыған материалдарды терең меңгерту. Ж.С. Калмуратов «Жас ақын» білімалушылардың ішінен дарынды, өлең жазуға деген ынтасы бар оқушыларды анықтап, белсенділігін арттыру, ойын толық жеткізуге баулу. Т.М. Жақсыкелдина «Робототехника» білімалушылардың ойлау, дамыту қабілеттерін дамыту. Шығармашылық қабілеттерін дамыту. А.Н. Мусина «Жас экологтар» Білімалушылар шығармашылық жұмыстар жасай отырып, өз беттерінше табиғатты бақылап, ғылыми жоба жазып, алған білімдерін өмірде қолдана білуге баулу. Д.А. Хамит – «ОҒҚ» Б.Т. Сатмағанбетова «Волейбол» қыз балдарды ойынға дайындап, жарыстарға шығару, білімалушылардың спортқа деген қызығушылықтарын арттыру. Мақсатын алға қойып отыр. А.Е. Курманов «Волейбол» ұл балдар арасында команда құрылып, дайындап көптеген жарыстарға шығып, жүлделі орындармен оралу үстінде. Н.С. Бозғұлан «Футбол» ойыны білімалушыларды достыққа, ауызбіршілікке, топтасып жұмыс жасауға баулиды. Е.Б. Қарымсақ «Асық ату» білімалушыларды ептілікке, алғырлыққа, шашандыққа баулу. А.К. Мамбеткулова «Qumiga» білімалушыларды қолөнерге баулу. Ептілікке, шығармашылық қажетелей отырып, өмірде қолдана білуге дайындау. Сонымен қатар үйірме жетекшілерінің жұмыс жоспары қаралды. Жоспарлар талапқа сай, жүйелі жүріп отырғандығы көрінеді. Қ.И. Махамбетовке, секция түрлері Дүйсембай А.Қ. Үйірме, секция жұмыстары жалпы шығармашылыққа жетелеуге, ынтымақтастыққа, баланың бойындағы дарындылықты дамытуға қосар үлесі мол.

6 - ші мәселе бойынша: Интернат меңгерушісі: Хамит Д.А. «Интернат қызметінің ұйымдастырылуы, тәрбиеленушілердің білім алуы мен қауіпсіздігі».

8-қараша күні интернат ашылып, балалар қабылданды.

Жалпы бала саны: 9. Қыз бала-4; ұл бала-5;

Оқушылардың әлеуметтік жағдайының динамикасы:

Көп балалы отбасынан-4, аз қамтылған отбасынан-6 бала, бір ата-ана тәрбиесінде-2 бала.

II-тоқсанда:

Оқу озаты-1, оқу екпіндісі-8;

Балалар қабылданған күні, оларға интернат ережелері мен ішкі тәртіп ережелері таныстырылды. Балалардың оқуы мен демалуына қолайлы коворкинг орталығы мен «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында кітап бұрышы жасалды.

Тәрбиеленушілердің бос уақытын ұйымдастыру мақсатында үйірмелер мен спорт секцияларына жазу жұмыстары жүргізілді. Би үйірмесі, футбол, волейбол спорт секцияларына балалар қызығушылықтарын танытты.

«Абырой» интеллектуалды білім порталы ұйымдастырған эссе байқауына қатысып, 2-орын Қанат, 3-орын Баянсұлу. Республикалық деңгейде ҚР тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай өткізілген аудандық кезеңінде 2-орын Құдайберген М иеленді.

Тоқсан соңын тәрбиеленушілер сәтті аяқтады. Ата-аналар мен тәрбиеленушілерге қысқы демалыс кезіндегі қауіпсіздік шаралары, пиротехникалық бұйымдарды пайдалану шаралары, демалысты тиімді пайдалану жөнінде жиналыс өтті. Тәрбиеленушілерге жаңа жылдық сыйлықтары таратылып, III-тоқсанға дейін қоштастық.

7 - ші мәселе бойынша: Дарында балалармен жұмыс жөніндегі орынбасары: Махамбетов Қ.И. «Аудандық пәндік олимпиадаға қатысымды пысықтау»

2021 жылғы 3 қарашада мектебіміздің 6-7-9 сынып оқушылары Ақтөбе қаласында «Ғасырлардан сыр шерткен-Атырау» атты Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейінің көшпелі көрмесіне тарих пәнінің мұғалімі Биржанов Рустам Айтуганович экскурсияға барып қатыстырылды.

7-11 класс оқушылары арасында қазақтың әйгілі күйші-композиторы Қазанғап Тілепбергенұлының шығармашылығы бойынша өтетін «Үкілі домбыра» атты жас күйшілер байқауының аудандық кезеңіне 11 сынып оқушысы Сәрсенбаев Нұрмұхаммед Берікбайұлы қатыстырылды. Облыстық кезеңде мақтау қағазымен марапатталды. Жетекшісі: Мухамеджанов Т.Б.

5-7 класс оқушылары арасында «Туған елің-Қазақстанды жақсы білесің бе! Атты республикалық балалар оқуларының облыстық кезеңіне Жалғасбаева Камила, Асқарова Назерке, Төлебай Инабат, Молдагулова Альбина жолдама алып, ауа райының қолайсыздығына орай облыстық кезеңге қатыса алмады және мақтау қағаздарымен марапатталды.

2021 жылғы 24 қараша күні №3 Хромтау орта мектебі ғимаратында 9-11 сынып оқушылары арасында өткен 1-желтоқсан -Тұңғыш Президент күніне арналған «Елі еріне, ері еліне сенген ұлы тұлға» тақырыбындағы аудандық эссе байқауына мектебімізден оқушы қатысты. Олар: 9 сынып оқушысы Алтынбекқызы Назерке , 10 сынып оқушылары Құдайберген Меруерт, Құмар Ақбота және 11 сынып оқушысы Асылбекова Ақнұр. Нәтижесінде: Құдайберген Меруерт 1 -орын, Асылбекова Ақнұр – 2 орын, Құмар Ақбота 3 орын иеленді. Жетекшілері: Хамит Дана, Жанұзакова Торғын, Калмуратов Жомарт.

2021 жылғы 27.09-15.11 аралығында облыстық білім беру мекемелерінің мұғалімдерімен оқушылары арасында «2021 жылғы 27.09.-15.11 аралығында облыстық білім беру мекемелерінің мұғалімдерімен оқушылары арасында «Ғылыми жұмыс-методологиясын игеру-инновацияға жетудің бір бағыты» тақырыбында облыстық ғылыми жобалардың сырттай байқауына мектебімізден математика пәні мұғалімі Токсамбаева Қызғалдақ Айұзаққызы «**Алтын сандар**» жобасымен қатыстырылды. Нәтижесінде II-дәрежелі дипломмен марапатталды.

5-6 класс оқушылары арасында өтетін республикалық олимпиаданың мектепшілік кезеңіне 32 оқушы қатыстырылып, аудандық іріктеу кезеңге 11 оқушы жолдама алды. Аудандық кезең бойынша 5 сынып оқушылары Жалғасбаева Камила (қазақ тілі мен әдебиеті), Ахметолла Нұршайым (орыс тілі), Алмас Томирис (қазақстан тарихы) бойынша облыстық кезеңге жолдама алса, Айтуган Дәулет 2-орын (ағылшын тілі Мурзатаева А.М), Мырзахан Айсұлу 2-орын (жаратылыстану Жекеева А.Ш), Жасағанберген Аман 3-орын (математика Қамысбай А.Р), Құтдықадам Марат 3-орын (қазақ тілі мен әдебиеті Шуиншалина Н), Сатаева Іңкәрайым 3-орын (орыс тілі мен әдебиеті Казмағамбетова А.С) Қаупбай Ақбота алғыс хат (ағылшын тілі Утегенова Г,У) 2021 жылғы 07 желтоқсан күні өткізілген облыстық кезең қорытындысы бойынша 5 сынып оқушысы Алмас Томирис 3-орынға иеленді.

2021 жылғы 13 желтоқсан күні Ақтөбе қаласы, Кемел-Білім мектеп-лицейі базасында өткен республикалық кезеңге Алмас Томирис қатысып жүлделі 2-орынға иеленді. Жетекшілері Биржанов Р.А, Казмағамбетова А.С, Жанұзакова Т.З.

2021 жылғы 12 желтоқсан күні «**Жаңа жылдық ойыншықтар**» және «**Жаңа жылдық шырша-2022**» атты шығармашылық колөнер байқауының аудандық кезеңіне 9 оқушының

жұмыстары қатыстырылды. Олар: Даулетбай Тамирис, Елбол Зауре, Сәндібек Нарғыз, Курмантаева Берекет, Молдагулова Альбина, Дельманова Карина, Нұрболат Кәусар, Елбол Батима, Қаупбаева Адина. Жетекшілері көркем еңбек пәнінің мұғалімі Мамбеткулова А.К., Баярстанова А.С.

2021 жылғы 13 желтоқсан күні 1 сынып оқушыларына арналған Халықаралық Пони байқауына мектебімізден 19 оқушы қатыстырылып, сертификат алды. Класс жетекшілер Исмагамбетова Ж.У., Абдуллина Б.А.

2021 жылғы 24 желтоқсанда «Жвант» турнирінің облыстық кезеңіне мектебімізден 9 сынып оқушысы Жалғас Диас онлайн форматта зумм бағдарламасы арқылы қатыстырылды. Жетекшісі физика пәні мұғалімі Бағланбаева Г.М.


2022 жылғы 31 қаңтар күні 2-5 сынып оқушыларына арналған «Үркер» зияткерлік орталығының «Бастау» кешенді олимпиадасына 34 оқушы тіркелді.

Қаулы:

II тоқсан бойынша білім сапасын қанағаттанарлық деп бағалап, білім сапасын жоғары деңгейге көтеру үшін жұмыстану.

Ұсыныс:

1. Білім сапасын көтеру мақсатында пән мұғалімдері жүйелі жұмыс жасау қажет. Төмен көрсеткіш 36-42%, 5а-48%, 6а-50%, 7а-38%, 8а-43% пайыз көрсеткен кластардың жеке пән мұғалімдері мен класс жетекшілері тығыз байланыста жұмыстану жолға қойылу жалғастырылсын.
2. Тарих, құқық негіздері пәндерінің жүргізілу жұмыстары жалғастырылсын. Білімалушыларды олимпиада, ғылыми жоба жұмыстарына қатысуға талпындырылсын.
3. Аттестацияға енгізілген өзгерістерді басшылыққа ала отырып, өтініш беруге ниет білдірген отырған педагогтардың портфолиосын қатаң қадағалауға алу. Педагогтар өздерінің іс-тәжірибесімен бөлісу, баспа бетіне жариялау деңгейін көтеру. Педагогтардың кәсіби деңгейін көтеру. Педагогтардың кәсіби деңгейін көтеру мақсатында әдістемелік іс-шараларға белсенді қатысуын арттыру.
4. Аудандық ішкі істер бөлімінде есепте тұрған оқушыларды қатаң бақылауға алу. Оқушыларға мектепке әкелуге болмайтын заттар туралы түсіндіру жұмыстарының жүргізілуін күшейту.
5. Үйірме, секциялар өз жұмыстарының жүргізілуін жалғастырсын. Жетістікке жетелейтін деңгейде көрсете отырып, жұмыстарын жандандырсын.
6. Алдыңғы педагогикалық кеңесте таныстырылған бұйрыққа сәйкеспән мұғалімдері мен сынып жетекшілері, үйірме, спорт жетекшілері тәрбиеленушілердің өмір қауіпсіздігіне жауаптылықпен қарау. Тәрбиеленушілерді үйірме, қосымша курстарға баулу, жарыстарға қатысымын арттыру.
7. Дарынды оқушылармен жұмысты жүйелі жүргізіп, олимпиадаға оқушылардың дайындығын күшейту.

№7 Хромтау мектеп-гимназия директоры:  Э.К. Культаева

Хатшы:  Хамит Д.

